



**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР ЖӨНІНДЕГІ
АУДАНАРАЛЫҚ СОТЫ (Шымкент қ, Қазақстан Республикасы)**

және

ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ (Шымкент қ, Қазақстан Республикасы)

арасында

**ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ
МЕМОРАНДУМ**

Шымкент қ.

« 09 » 09 2023 ж.

Шымкент қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық соты, сот әкімшісінің басшысы Тауасар Жармен Болатұлы және Шымкент университеті, ректоры п.ғ.д., профессор Сейітқұлов Нұрлыбек Ақынұлы тұлғасында келесі мәселелер туралы келісті:

1. МЕМОРАНДУМ МАҚСАТЫ

Осы Меморандумның мақсаты - білім беру және сот саласында өзара тиімді іскерлік ынтымақтастықты орнату болып табылады. Тараптар өзара ынтымақтастықтың келесі нысандарын айқындайды:

- 1.1. Теория және құқық қолдану тәжірибесі жөніндегі мәселелер бойынша бірлескен жобаларды, бағдарламаларды әзірлеу, семинарларды, және шеберлік сабақтарын өткізу;
- 1.2. Ынтымақтастықтың көрсетілген бағыттары бойынша комиссиялар мен жұмыс топтарының бірлескен отырыстарын өткізу;
- 1.3. Шымкент қаласының жергілікті соттарында студенттердің өндірістік және диплом алдындағы тәжірибелерін ұйымдастыру;
- 1.4. Ғылыми-тәжірибелік әдебиетпен, ақпаратпен өзара алмасу;
- 1.5. Студенттерді сот жүйесінің айрықша ерекшелігімен таныстыру.

2. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

2.1. Мамандарды практикалық дайындау және білім беру процесін ұйымдастыруды жетілдіруде жаңа әдістермен оқыту жүйесін қолдану мен осы саладағы инновациялық технологияларды пайдалануда өзара тығыз ынтымақтастық орнату және тәжірибе алмасу.

2.2. Келісуші Тараптар үшін қабылданған жағдайға байланысты қызмет көрсету шарты мен нормаларға сәйкес танысу, өндірістік, диплом алды және т.б. іс-тәжірибе түрлерін ұйымдастыру.

2.3. Осы Меморандумда көзделген міндеттерді орындауға қолайлы жағдайлар жасау үшін Тараптардың ұйымдасқан өзара қарым-қатынасын жүзеге асыру.

3. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТҮРЛЕРІ

- осы Меморандумда қарастырылған ынтымақтастық бағыттары бойынша келісімдерді, хаттамаларды және өзге де іс құжаттарды бекіту;
- екі жақты ынтымақтастық негізіндегі іс-шаралар жоспарын, бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру;

- Тараптардың қызметіндегі өзекті мәселелері бойынша семинарлар, конференциялар, дәрістер, кездесулер, дөңгелек үстелдер өткізуді ұйымдастыру;
- осы Меморандумда көзделген өзге де іс әрекеттерді жүзеге асыру.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ

Тараптар келісім негізінде құпиялық маңызы бар мағлұматтарды, сонымен қатар мемлекеттік құпиялар, коммерциялық немесе кәсіби құпияларды құрайтын мағлұматтар тараптардың мүддесіне нұқсан келтіретін болса, онда тараптар жазбаша түрде құпия мағлұмат қатарына жатқызу жайлы хабарлар етеді.

Осы меморандум қаржылай міндеттеме көрсетуін қарастырмайды. Егер де осы Меморандумда көрсетілген 3 тармағына сәйкес іс-шара ұйымдастырып өткізу қажет болған жағдайда, Тараптар өзара қаржыландыру және іс-шараны ұйымдастыру жайлы бөлек келісім түзу арқылы жүзеге асырылады.

5. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

Егер де осы Меморандум ережелерін түсіндіру немесе қолдану барысында қандай да бір келіспеушіліктер туындаған жағдайда келіссөздер арқылы шешіледі.

Туындаған дауларды шешу өзара келісімге келу арқылы шешілмейтін жағдайда, аталған дау Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіппен шешіледі.

6. ҚОРЫТЫНДЫ ЖАҒДАЙЛАР

6.1. Осы Меморандум Тараптардың келісімі бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін, өзгертулерді енгізуді рәсімдеу белгіленген талапқа сай рәсімделіп, құзыретті тұлғалармен бекітіледі.

6.2. Осы Меморандум Тараптар қол қойғаннан кейін күшіне енеді және қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жыл бойы қолданылады.

6.3. Тараптардың бірі осы Меморандумның әрекет етуін тоқтату жайлы екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарлар етеді. Тараптардың біріне хабарлама жіберілген күннен бастап 30 күн ішінде осы Меморандумның заңды күші тоқтатылады.

6.4. Осы Меморандум халықаралық шарт болып есептелмейді, халықаралық құқықпен реттелетін міндет пен жауапкершілікті талап етпейді.

6.5. Осы Меморандум әрбір Тарапқа бір-бірден бірдей заңдық күші бар екі дана болып түзілген.

Тараптардың заңды мекенжайлары және қолдары:

Тараптардың заңды мекенжайлары және қолдары:

Тарап 2

Шымкент университеті
Қаратау ауданы
Квартал 225, ғимарат 426
СТН 582100008395
Есеп-шот №KZ589260801154109000
БИК KZKOKZKX
БИН 000540000592
Сым: 8(7252) 55-58-61
Ректор, п.ф.д., профессор

_____ Н.А.Сейітқұлов

қолы

« 09 » 2023 ж.

М.Ө.

Орындаушы: М.Н.Мамасва
Тел.: 8778-535-42-26



Тарап 1

Шымкент қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық соты
Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы,
Тыныбаев к/сі №42.
Телефон: +7 (7252) 99 74 01
Шымкент қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық соты, сот әкімшісінің басшысы

_____ Ж.Б.Тауасар

қолы

« 09 » 2023 ж.

М.Ө.

